

«Тарих» пәні бойынша тест спецификациясы

1. Тест мақсаты

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарында (бұдан әрі – ДББҰ) «тарих мұғалімі» лауазымына конкурс өткізу барысында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша білім, білік және дағдыларын бағалау.

2. Тестілеу өткізуге негіз болатын нормативті құжаттар

2023 жылдың 10-тамызында ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілген (№37 Хаттама) білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарының бос лауазымдарына орналастыруға конкурс өткізу және педагогтердің кадр резервін қалыптастыру Ережесі.

3. Тест тапсырмаларының мазмұнын анықтайтын құжаттар:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.
2. Негізгі орта білім берудің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары (5-9 сынып. «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы»).
3. Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары (қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстық-математикалық бағыттар 10-11 сынып. «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы»).
4. 5B011400 – Тарих мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы.

4. Ұсынылған әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бекіткен Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі.
2. 2005 жылдан кейін шығарылған жоғары оқу орындарына арналған мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі әдебиеттер мен ресурстар.

5. Тест тапсырмаларының мазмұны:

№	Бөлім	1 модуль	2 модуль	3 модуль	Барлығы
1	Ежелгі заман кезеңі (шамамен 2 млн жыл бұрын – V ғасыр)	3	-	-	3
2	Ортағасырлар кезеңі (V - XVII ғасырлар)	5	-	-	5
3	Жаңа заман кезеңі (XVIII - XIX ғасырлар)	3	-	-	3
4	Қазіргі заман (XX ғасырдың бірінші жартысы)	4	-	-	4
5	Қазіргі заман (XX ғасырдың екінші жартысы – бүгінгі күнге дейін)	-	5	5	10
Қазақстан тарихы		10	3	2	15
Дүние жүзі тарихы		5	2	3	10
Барлығы		15	5	5	25

6. Тест құрылымы, бағалау және ұзақтығы:

Тест бес мүмкін нұсқадан бір дұрыс жауабы бар 25 тест тапсырмасынан тұрады. Тест үш модульден тұрады:

Модуль	Сипаттама
1-модуль (базалық деңгей)	Базалық деңгейдегі тапсырмалар халықтардың қалыптасуы, мемлекеттердің пайда болуы, құрылымы, орналасуы, саяси тарихы, тарихи оқиғалардың хронологиясы, мемлекеттердің ыдырауы, өркениеттер, мәдениет, туралы білімдерін тексеруге бағытталған.
2-модуль (ілгері деңгей)	Ілгері деңгейдегі тапсырмалар тарихи оқиғалардың мақсатын, себептерін, салдарын, тигізген әсерлерін, нәтижелерін, тарихи фактілерді жүйелей отырып, хронологиялық реттілікті, логикалық бірізділікті, тарихи оқиғаларға әсер етуші саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени факторларды анықтау біліктіліктерін тексеруге бағытталған.
3-модуль (жоғары деңгей)	Жоғары деңгейдегі тапсырмалар тарихи дәлелдерді, тұжырымдарды дәлелдеу үшін дәлелдемелерді жүйелеуді талдауға және бағалауға бағытталған. Тарихи процесті анықтау үшін оқиғалар мен құбылыстардың маңыздылығын түсіндіру мүмкіндігін, негізгі және көмекші ақпарат көздерінен мәліметтерді жүйелеу арқылы әртүрлі қарама-қайшылықтарды анықтау және талдау. Тарихи айғақтарды аргументтерді нақты дәлелдермен талдауы және бағалауы.

Ежелгі заман кезеңі (шамамен 2 млн жыл бұрын – V ғасыр)

Ежелгі Қазақстандағы адамдардың өмірі; тас және қола дәуірлері; темір дәуірі; сақтар, үйсіндер, қаңлылар, ғұндар, сарматтардың тайпалары.

Ортағасырлар кезеңі (V - XVII ғасырлар)

Ежелгі өркениеттер: Шумер-Аккад патшалығы, Вавилон, Египет, Грекия, Рим, Қытай, Үндістан. VI-IX ғасырлардағы Қазақстан тарихы: мемлекеттердің құрылуы, көне түркі жазуы, «Атлах» шайқасы; X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы: саяси құрылым, түріктердің материалдық және рухани мәдениеті, Ұлы жібек жолы; Қазақстандағы моңғол шапқыншылығы: «Отырар қорғанысы», мемлекеттердің құрылуы; XIII - XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті; Қазақ хандығы; XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениеті, XVIII ғасырдағы 1 жартысындағы материалдық және рухани мәдениеті.

Феодалдық қоғам: ортағасырлық қалалары және мемлекеттері, Крест жорықтары, «Жүз жылдық соғыс»; Батыс Еуропадағы Қайта өрлеу мәдениеті, гуманистер идеялары; Шығыстың ортағасырлық мәдениеті.

Жаңа заман кезеңі (XVIII - XIX ғасырлар)

XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығы; Жоңғар басқыншылығы, «Қарақұм» және «Ордабасы» құрылтайлары, «Аңырақай» шайқасы, Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуы, Абылай хан; XVIII ғасырдағы Қазақстандағы казак-әскери отаршылдығы, отарлау және ұлт-азаттық күресі; XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалары; 1860-1870 жж. азаттық күресі, XIX ғасырдағы мәдениет және білім беру мен ағарту ісі.

Капитализмнің орнығуы, ағартушылық дәуірі, XVIII ғасырдағы Англия және Франциядағы революциялары, XVIII-XIX ғасырлардағы Еуропа мен Америка елдері, Азия мен Африка елдері, XVIII-XIX ғасырлардағы ғылым мен мәдениеті.

Қазіргі заман (XX ғасырдың бірінші жартысы)

1917 ж. ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы; саяси партиялары мен ұйымдары, «Алаш» қозғалысы; Қазақстандағы ұлттық автономиялары; азамат соғысы; әскери коммунизм; Қаз АКСР-і; ЖЭС, Қазақстандағы индустрияландыру және ұжымдастыру; 1920-1930 жж. саяси репрессиялар; әміршіл-әкімшіл жүйе; Ұлы Отан соғысы; Қазақстанға КСРО халықтарының депортациясы.

Бірінші дүниежүзілік соғыс; XX ғасырдың басындағы мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылықтары; Версаль-Вашингтон жүйесі; Ұлттар лигасы; Екінші дүниежүзілік соғыс.

Қазіргі заман (XX ғасырдың екінші жартысы – бүгінгі күнге дейін)

Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстан (1946-1953 жылдары); ядролық сынақ алаңы; Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірі; «Жылымық» кезеңіндегі (1954-1964 жылдар) Қазақстан; «Тың игеру»; «тоқырау» кезеңіндегі Қазақстан; Қайта құру кезеңі (1986-1991 жылдар); «Желтоқсан оқиғасы», Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 – 1996 жылдар), Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы; саяси және экономикалық өзгерістер, саяси көшбасшының мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдеріндегі рөлі; Астана – Тәуелсіз Қазақстанның астанасы; қазіргі замандағы Қазақстан мәдениеті; «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы.

XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы: «Африка жылы», «Қырғи қабақ соғысы», Еуропа мен Америка елдері, Азия мен Африка елдері; жаһандану; халықаралық лаңкестік және экстремизм; Байқоңыр ғарыш айлағы және әлемдік ғылым; XX ғасырдың екінші жартысындағы - XXI ғасырдың басындағы мәдениеті; халықаралық ұйымдар: Біріккен Ұлттар Ұйымы (Еуроодақ, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы). Ғылым мен мәдениеттің, әдебиет пен өнердің дамуы, жетістіктері.

Тест орындау уақыты – **40 минут**.

Педагогикалық өлшеулер орталығы тестілеу нәтижелерін өңдеуді әр тапсырманың күрделілік деңгейін анықтайтын және теңестірілген ұпай бойынша тестінің қорытынды ұпайындағы үлесін есептейтін автоматтандырылған статистикалық және психометрикалық талдау арқылы жүзеге асырады. Бұл тәсіл нәтижелерді объективті және шынайы бағалауды қамтамасыз ететіндіктен **апелляция жүргізілмейді**.

Тестіден өту үшін шекті деңгей максималды балдың **60%** құрайды.